

СЕМЕЙ ӨНІРІНДЕГІ АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ БАЛАЛАР ҮЙІНІҢ ТАРИХЫ 1931-1933 ЖЫЛДАР

Қабиден Диляра Еркінқызы

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің
1 курс магистранты, Қазақстан Республикасы Атырау қаласы
Ғылыми жетекшісі, сеньор лектор – т.ғ.д., Ахмет А.Қ.,

Қазіргі кезеңде отандық ғылымда Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру саясатын және оның 1931–1933 жылдардағы ашаршылыққа әкелген қайғылы салдарын зерттеу мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр. Еліміздің барлық аймағын қамтыған бұл зұлматтың қасіреті ұлт жадында өшпестей қара дақ болып сақталды. Филипп Голощекиннің ұйымдастыруымен жүзеге асқан бұл саясат қазақ халқы үшін орны толмас апатқа айналды. Қазақ халқының дүниетанымында «құйынның ішінде шайтан ұшады» деген түсінік бар. Сондықтан да халық қара құйынды көргенде: «Кет, бәлекет, кет!» деп қарғыс айтып, жамандықты аластауға тырысқан. Бәлкім, осы түсініктің астарында халықтың басына түскен ауыр нәубетті «бәлекетке» теңеуі жатыр. Сол себепті де ел ішінде Филипп Голощекиннің есімі ашық аталмай, «қанды қол», «қу жақ» немесе “голая щека” деген ауыр теңеумен сипатталды. Ғалым Хакімұлы Ахмедов өз әңгімесінде: “Егер Голощекин бізде тағы бір жыл болғанда, онда қазақ атауы қырылып бітетін еді...-дейді [1, 238]. Голощекин өз әрекеттерін шектен шығу деп санамады. Нәтижесінде бұл саясат халық алдында да, тарих алдында да кешірілмес қылмысқа айналды. Сол бір зұлмат жылдары қара құйын іспетті нәубет қазақ даласын шарпып өтті. Ол тек мал мен дәулетті ғана емес, тұтас бір халықтың тұрмыс-тіршілігін, рухани болмысын күйретті. Отбасы – шаңырағынан, ауыл – тіршілігінен, адам – жанынан, ал халық – рухынан айырылды. Кең байтақ дала иесіз қалғандай күй кешті. Құдды бір Құдай да, адам да ұмытқан иен кеңістікке айналғандай болды. Осы кезеңнің куәсі болған Ғабит Мүсірепов: “ олар бекеттердегі мұнараға ұқсайтын. Соларға қарап жолды бағдарлаған, мәйіттер жолдың екі жағына да үйілген. Одан өткен сұмдықты мен көрген емеспін...”- дейді. Тағы бір әңгімесінде Ғабен былай деп жалғасырады: “Аллаға шүкір, біздің алдымыздан аш адамдар жолыққан жоқ, әйтпесе аттардан да, біздің өзімізден де ештеме қалмаған болар еді. Біз мұны анық түсіндік. Сондықтан да өзімізге азық-түлік, аттарымызға жем бергені үшін атқару комитетінің төрағасына іштей қайта-қайта алғыс айтумен болдық. Соның арқасында бір ажалдан аман қалдық... Сондықтан әлдеқашан жаны жай тапқан оның рухына мен әрқашан дұға бағыштаймын...” -дейді [2,10].

Қазақстандағы 1931–1933 жылдардағы ашаршылық – ұлттық тарихтағы аса күрделі әрі ауқымды мәселелердің бірі. Зерттеу нысаны ретінде Семей өңіріндегі ашаршылық салдары, соның ішінде балалар панасыздығы қарастырылады. Дәстүрлі қазақ қоғамында жетім мен жесірді қорғау әлеуметтік норманың маңызды бөлігі. Алайда ашаршылық жылдары бұл жүйе күйреп, жетім балалар саны күрт артты. Балалар үйлерінің жаппай ашылуы және олардағы орын тапшылығы халықтың ауыр әлеуметтік жағдайын көрсетті. Аталған кезеңде ұлтаралық теңсіздік те айқын байқалды. Қазақ балаларының құқықтарының шектелуі мен әлеуметтік жағдайының төмендігі кең таралған құбылысқа айналды. Сонымен қатар, аштық пен жұқпалы аурулардың салдарынан өлім-жітім деңгейі өсіп, көптеген балалар ата-анасының қамқорлығынсыз қалды. Бұл үдерістер балалардың физикалық және әлеуметтік жағдайына теріс әсер етіп, олардың қиын жағдайда өмір сүруіне әкелді. Ашаршылықтың салдары тек демографиялық шығынмен шектелмей, қоғамның әлеуметтік құрылымына да ықпал етті. 1931–1933 жылдардағы ашаршылық халықтың барлық әлеуметтік топтарын қамтыған ауыр гуманитарлық апат болды. Бұл нәубет жас

ерекшелігіне қарамастан, бүкіл қоғамды күйзеліске ұшыратып, әсіресе балаларға орны толмас зардап әкелді. Ашаршылықтың салдары ұлт жадында терең із қалдырған тарихи құбылыс ретінде бағаланады. Ашаршылық мәселесін қарастыру барысында балалар панасыздығы ерекше орын алады. Ата-анасынан айырылған сәбилер мен жеткіншектер ауыр әлеуметтік жағдайда өмір сүруге мәжбүр болды. Күнкөріс қамымен күрескен балалар ерте есейіп, өмір сүру үшін күрделі жағдайларға бейімделуге тура келді. Балалар үйлерінің пайда болуын тек 1931 жылғы оқиғалармен байланыстыру толық емес. Қазақстан аумағында панасыз балаларға арналған мекемелер 1922 жылғы ашаршылық кезеңінде де құрылған. Мысалы, Орынборда – 30, Оралда – 28, Қостанайда – 12, Ақтөбеде – 2 балалар үйі жұмыс істеген, сондай-ақ басқа губернияларда да осындай мекемелер ашылған. Осылайша, балалар үйлерінің қалыптасуы ашаршылық салдарынан туындаған әлеуметтік қажеттіліктің нәтижесі болды. Бұл құбылыс қоғамдағы дағдарыстың ауқымын және балалардың әлеуметтік қорғалуының әлсірегенін айқын көрсетеді [3 қ 75, т-1, і4, пб1]. Ашаршылық құбылысы ғылыми әдебиетте шартты түрде екі негізгі түрге бөлінеді: табиғи және жасанды. Табиғи ашаршылық климаттық қолайсыздықтармен, яғни құрғақшылық, су тасқыны, егістік алқаптарға зиян келтіретін биологиялық факторлармен байланысты болса, жасанды ашаршылық – мемлекеттік саясат пен басқару шешімдерінің салдары ретінде қалыптасады. Ашаршылықтың ең ауыр зардаптарының бірі – балалар панасыздығының күрт өсуі болды. Ата-анасынан айырылған балалар қысқа уақыт ішінде әлеуметтік қорғансыз топқа айналып, олардың тұрмыс-тіршілігі мен болашағы күрделі мәселеге айналды. Бұл жағдай балалардың ерте есейіп, ауыр өмір жағдайларына бейімделуіне әкелді. Аталған мәселені зерттеу барысында балалардың тұрмыс жағдайы, олардың орналасқан мекемелері мен әлеуметтік мәртебесі, сондай-ақ осы бағытта құрылған ұйымдардың қызметі ерекше назар аударуды қажет етеді. Қазақстан аумағында балалар үйлерінің пайда болуы 1921 жылғы ашаршылық кезеңімен тығыз байланысты. Сол кезеңде әртүрлі губернияларда балалар үйлері ұйымдастырылып, олардың саны аймақтық ерекшеліктерге қарай әркелкі болды. Семей өңірінде балалар үйлерінің ашылуы 1921 жылы 29 шілдеде аштықтан және көші-қон үдерістерінен зардап шеккен халықтың жаппай келуімен байланысты болды. Деректерге сәйкес, ірі топтармен 9182 адам, ал кіші топтармен шамамен 500 адам келген, жалпы саны 9682 адамды құрады. Осы жағдайға байланысты Семей өңірінде 1921 жылы 13 балалар үйі жұмыс істеді. Оның ішінде Семей қаласында 9, ал Алаш аумағында 4 балалар үйі орналасты. Бұл көрсеткіштер аймақтағы әлеуметтік дағдарыстың ауқымын және панасыз қалған балаларды орналастыру қажеттілігінің жоғары болғанын айқын көрсетеді [4, қ75, т1, і4, п124]. 1931 жылғы деректер балалар үйлеріндегі тәрбиеленушілердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының өте төмен деңгейде болғанын көрсетеді. Әсіресе, жасөспірімдерге арналған мекемелерде материалдық қамтамасыз ету жеткіліксіз болып, балалардың жалаң аяқ жүруі, бір төсекке екі-үш баладан орналасуы сияқты жағдайлар кең таралған. Бұл өз кезегінде балалардың физикалық жағдайына ғана емес, олардың психологиялық ахуалына да теріс әсер етті. Балалар ұжымындағы әлеуметтік қатынастар да күрделі сипат алды. Мекемелерде жасы үлкен тәрбиеленушілердің бейресми үстемдігі қалыптасып, олар өздерінен кіші балаларға қысым көрсеткен. Бұл құбылыс әсіресе қазақ балаларының жағдайына кері ықпал етіп, ұлтаралық теңсіздік белгілерін айқын байқатты. Балалар үйінің әкімшілік басқару жүйесінде де бірқатар кемшіліктер орын алды. Мекеме басшысы Константиновтың тәрбие жұмыстары барысында қолданған әдістері ресми түрде педагогикалық сипатта түсіндірілгенімен, іс жүзінде олардың құрамында күш көрсету элементтері болғаны анықталған. Оның түсіндіруінше, балалардың тәртіп бұзушылық әрекеттеріне қарсы физикалық ықпал ету «тәрбиелік шара» ретінде қарастырылған. Дегенмен, тексеру барысында тәрбиеленушілер тарапынан тікелей шағымдардың тіркелмеуі бұл жағдайдың жасырын сипатта болғанын жоққа шығармайды. Керісінше, комиссия қорытындылары Константиновтың тәрбие әдістерінде қысым көрсету мен қатыгездік белгілерінің бар екенін айқындады [5, қ598, т1, і11, п50]. Зерттеу деректері өндірістік мекемелердегі әлеуметтік құрылым мен еңбек қатынастарында айқын

теңсіздіктердің болғанын көрсетеді. ДК құрамына 16 кәсіпорын біріктірілгенімен, тексеріс барысында олардың 4-і қарастырылған. Аталған кәсіпорындардағы жалпы жұмысшылар саны 190 адамды құрады. Оның ішінде орыс жұмысшылары – 136 адам (71,5%), ал қазақ жұмысшылары – 56 адам (28,5%) болды. Басқарушы құрам толықтай орыс ұлт өкілдерінен тұрған. Тергеу нәтижелері бұл жағдайдың кездейсоқ емес, жүйелі сипатқа ие болғанын, яғни партиялық, кәсіптік және әкімшілік деңгейлерде ұлыдержавалық шовинизм элементтерінің көрініс тапқанын айқындайды. «Қазақтандыру» саясаты формалды түрде ғана қарастырылып, іс жүзінде жүзеге асырылмаған. Бұл мәселе партия ұйымдарының мәжілістерінде эпизодтық деңгейде ғана көтеріліп, жұмысшылар арасында кеңінен талқыланбаған. Сонымен қатар, мәдени-ағартушылық және саяси-тәрбиелік жұмыстардың жеткіліксіздігі еңбек ұжымдарындағы ұлттық теңсіздіктің күшеюіне ықпал етті. Нақты деректер негізінде анықталған негізгі мәселелер төмендегідей жүйеленеді:

1. Кадрлық саясаттағы теңсіздік. Мекеме қызметкерлерінің басым бөлігі орыс ұлтынан құралған. Басшылық құрамда қазақ өкілдерінің болмауы ұлттық кадрларды дамыту ісінің жүргізілмегенін көрсетеді. Кейбір жауапты тұлғалар қазақтардың кәсіби қабілетіне күмән келтіргенімен, оларды қызметке тарту немесе даярлау бағытында нақты шаралар қабылданбаған.

2. Тәртіптік және тәрбиелік әдістердің қатыгез сипаты. Жұмысшылар үйінде қызмет атқарған Константинов тәртіп бұзушылықтарды күш қолдану арқылы «реттеуді» тиімді әдіс ретінде қарастырған. Бұл жағдай еңбек тәртібін сақтауда әкімшілік қысымның басым болғанын көрсетеді.

3. Этникалық қатынастардағы шиеленіс. Қазақ және орыс жұмысшылары арасындағы қарым-қатынаста жанжалдар мен кемсітушілік сипаттағы әрекеттер жиі кездескен. Қазақтарға қатысты кемсітуші атаулардың қолданылуы ұлттық өшпенділіктің көрінісі болды.

4. Материалдық қамтамасыз етудегі айырмашылықтар. Тұрмыстық жағдайларда айқын теңсіздік орын алған: орыс жұмысшылары жеке төсек орындарымен қамтамасыз етілсе, қазақ жұмысшылары екі-екіден бір төсекке орналастырылған. Кейбір жағдайларда қазақтарға тиесілі төсек орындары тартып алынып, басқаларға берілген.

5. Киім-кешекпен қамтамасыз етудегі әділетсіздік. Алдымен орыс жұмысшылары толық қамтамасыз етіліп, қазақ жұмысшыларына киім-кешек шектеулі мөлшерде ғана берілген. Бұл олардың тұрмыс жағдайының төмендеуіне әсер етті.

6. Тамақтану жүйесіндегі теңсіздік. Асханаларда да бөлініс орын алып, қазақ жұмысшыларына азық-түлік аз мөлшерде берілген. Кейбір деректерде кемсітушілік сипаттағы өрескел әрекеттердің орын алғаны көрсетіледі.

7. Еңбек жағдайының ауырлығы. Қазақ жұмысшыларына физикалық тұрғыдан ауыр және лас жұмыстар жүктеліп, жұмыс уақыты да қолайсыз жағдайда ұйымдастырылған. Сонымен қатар, арнайы жұмыс киімдерімен қамтамасыз ету мәселесінде де айырмашылықтар байқалған.

8. Әлеуметтік қорғалмау. Қазақ жұмысшылары негізсіз жұмыстан шығарылу жағдайларына жиі ұшыраған, бұл олардың құқықтарының жеткілікті деңгейде қорғалмағанын көрсетеді.

Жалпы алғанда, аталған деректер өндірістік ортада ұлттық белгі бойынша қалыптасқан әлеуметтік теңсіздіктің жүйелі сипат алғанын дәлелдейді. Бұл құбылыс сол кезеңдегі мемлекеттік саясаттың қайшылықтарын және әлеуметтік әділеттілік қағидаттарының сақталмағанын айқын көрсетеді [6, қ598, т1, і11, п 60-61]. Қ.Қ. Байсарина мақаласында көрсетілгендей, Шығыс Қазақстан өңіріндегі: Көкпекті, Зайсан, Жарма, Мақаншы, Үржар, Абай, және Тарбағатай аудандарындағы ашыққан балаларға, сонымен қатар өңірдегі барлық балалар үйінде орналастырылған жетім балаларға үкімет тарапынан көмек жасалды. Бірақ сол көмек өте мардымсыз, тіпті тиісті орынға жетпей жатты. Көптеген уақытша ашылған балалар үйлеріне мүлдем көмек көрсетілмеген жағдайларда орын алды. Мәселен, Мақаншы, Абай және Тарбағатай сияқты орталықтан алыс

аудандарда уақытша ашылған балалар үйлерінде аш-жалаңаш балаларға киім-кешек пен төсек орын тұрмақ тамақтың өзі жетіспеді, берілген тағамның өзі өлместің күнін көрмейтіндей белгілі бір мөлшерде ғана таратылған, балалардың тоя тамақ ішпейтін уақыттары өте жиі кездесіп тұрды. Аталған қазақ аудандарына қарағанда Көкпекті ауданының орталығында ашылған балалар үйінде тәрбиеленіп жатқан балаларды тамақпен және киім-кешек, төсек орынмен қамтамасыз етілуі жоғарыда көрсетілген аудандарға қарағанда біршама жақсы болды. Сондықтан жоғарыда атап өткендей аудан орталығындағы балалар үйлерінің жағдайы әр түрлі жағдайда және оның қамтамасыз етілуіде бірдей дәрежеде орын алмағандығын байқауға болады. Мұндай жағдай республиканың барлық аудандарында да көптеп орын алды[7,46]. Облыстық тақ съезінің қаулылары бесжылдық жоспар шеңберінде балаларға арналған негізгі тапсырмаларды бекітті. Қаулылардың мазмұны мен мақсаттары төмендегідей:

Міндетті жалпыға бірдей білім беру: Бесжылдық жоспардың маңызды элементі – барлық балаларға міндетті білім беру жүйесін енгізу. Бұл іс-шара тек экономикалық мақсаттармен шектелмей, сонымен қатар социалистік тәрбиені, мәдени және адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған. Міндетті білім беру арқылы мемлекет барлық жас ұрпақты сауатты, мәдениетті және еңбекке қабілетті тұлға ретінде тәрбиелеуді көздеді.

Жастан асқан балалар арасындағы сауатсыздықты жою: Мектеп жасына жетпеген немесе мектепке қатыса алмай қалған балалар арасында сауатсыздықты жою – бесжылдық жоспардың екінші бағыты. Бұл шара арқылы мемлекет халықтың экономикалық және мәдени әлеуетін арттыруға, әсіресе индустрияланған және совхоздық аудандардағы еңбек ресурсын тиімді пайдалануға мүмкіндік алды.

Мектептен тыс жұмыстың өсуі: Балалар мен жасөспірімдерге арналған мектептен тыс жұмыстардың көлемін ұлғайту қарастырылды. Мұнда арнайы клубтар, үйірмелер, өнер, спорт және басқа да тәрбиелік іс-шаралар енгізілді. Қызмет көрсетілетін адамдар саны бесжылдық жоспар шеңберінде 25 есе арттырылды. Бұл балалардың бос уақытын тиімді өткізуге, олардың әлеуметтік дамуына және коммунистік тәрбие алуға жағдай жасады.

Өнеркәсіптік аудандардағы, совхоздар мен колхоздардағы балаларға қызмет көрсету: Өндірістік және ауылдық аймақтардағы негізгі контингентке – яғни өндіріс орындары мен ауыл шаруашылық мекемелеріне – балалар үйі және мектептен тыс мекемелер арқылы қызмет көрсету ұйымдастырылды. Бұл шара экономикалық тұрғыдан да маңызды болды: жұмысшылардың балаларын тәрбиелеу мен оқыту үшін арнайы мекемелер арқылы олардың еңбекке толыққанды қатысуына мүмкіндік берілді.

Қазақстандағы мәдени қызмет түрлерін енгізу: Бесжылдық жоспар шеңберінде Қазақстанда балалар мен жасөспірімдерге арналған мәдени нысандар – кинотеатрлар, клубтар, станциялар және басқа да мәдени мекемелер – жүйелі түрде енгізілді. Бұл балалардың мәдени даму деңгейін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және социалистік идеологияны тәрбиелеуге бағытталды. [8, қ598, т1, і11,п33]

Қорытындылай келе ашаршылық кезеңі – ХХ ғасырдың 30-шы жылдары Қазақстан тарихында қалдырған ең ауыр іздердің бірі. Бұл кезең халық үшін тек азық-түлік тапшылығын ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, экономикалық және рухани дағдарысты да әкелді. Балалардың өмірі бұл кезеңнің ең ауыр көріністерінің бірі болды. Зерттеу барысында ашаршылықтан зардап шеккен балалардың тағдыры жан-жақты қаралды. Мектеп жасына жетпеген және жетім қалған мыңдаған балалар панасыздыққа, аштыққа, ауруларға ұшырап, өмірі мен болашағы өте ауыр жағдайда болды. Панасыз қалған балалардың басым бөлігі Семей қаласы мен оның маңайындағы елді мекендерге қоныстанған. Дегенмен, әлеуметтік көмек жүйесінің тапшылығы оларды одан әрі қиналып, қиын жағдайға душар етті. Қазіргі зерттеулер бұл тарихи кезеңнің мәнін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Ашаршылықтың құрбаны болған балалардың тағдырын зерделеу олардың рухани және физикалық зардаптарын бағалауға, сондай-ақ қоғамдағы әлеуметтік сабақтарды анықтауға жол ашады. Бұл тек өткен ғасырдың қасіреті ғана емес, қазіргі

әлеуметтік мәселелердің тамырларын түсіну үшін де маңызды. Семей өңіріндегі ашаршылық пен балалардың панасыздығы – тарихи зерттеулер үшін маңызды әлеуметтік мәселе. Бұл кезеңнің қасіретін зерттеу арқылы біз өткенді ұмытпай, бүгінгі өмірді жақсартуға және болашақтағы қателіктерді болдырмауға үлес қоса аламыз. Әлихан Бөкейхан айтпақшы тарих жоқ болса, ел өткен күнін һәм мінін көре алмайды. Мінін көре алмаған соң өмірін ондай алмайды. Ондай алмаған соң мәжнүн болып, құлдыққа құлайды – дейді. Ашаршылықтың әсерінен жапа шеккен ұрпақтың тағдыры бізді бейжай қалдырмауы керек. Тарихымызды білу, өз халқымыздың қиыншылықтарын түсіну – бұл болашақта қателіктерді болдырмаудың және еліміздің игілігі үшін жұмыс істеудің маңызды жолы. «Өткенді білмей, болашақты болжай алмайсың» деген халық даналығы бүгінгі таңда өзінің өзектілігін жоғалтпайды.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. В. Михайлов. ҰЛЫ ЖҰТТЫҢ ЖАЗБАЛАРЫ. Алматы Республикалық «Дәуір» газет журнал баспасы, 1992-240бет.
2. Ғаламат жұт шежіресі: деректі хикаят.-Алматы: Мектеп, 2013-296б.
3. Абай облысының мемлекеттік архиві (АОМА). 75 қор. 1 тізім. 4 іс. 61 п.
4. АОМА. 75 қор. 1 тізім. 4 іс. 124 п.
5. АОМА. 578 қор. 1 тізім. 11 іс. 50 п.
6. АОМА. 578 қор. 1 тізім. 11 іс. 60-61 п.
7. Байсарина Қ.Қ. Шығыс Қазақстан өңіріндегі ашаршылық және панасыз балалар тағдыры (1930-1932 жж.) // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы №1(68), 2021, 4-6 бб. <https://bulletin-histsocpolit.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/318/313>
8. АОМА. 598 қор. 1 тізім. 11 іс. 33 п.